

ҰШҚАН ҰЯ



Алғысөз

«Ұшқан ұя» – қазақ халқының даңқты перзенті, батыр әрі жазушы Бауыржан Момышұлының балалық шағы мен ұлттық тәрбие негіздерін суреттейтін құнды шығарма. Туындыда автор өзінің өскен ортасын, ата мен әже тәрбиесінің адам болмысын қалыптастырудағы орнын тебіреніспен баяндайды.


«Ұшқан ұя» – тек бір адамның естелігі емес, қазақы тәрбие мен ұлттық болмыстың көрінісі. Шығармада отбасы құндылықтары, үлкенге құрмет, кішіге ізет, еңбек пен елге деген сүйіспеншілік кеңінен көрінеді. Әсіресе әженің өнегесі мен ауыл өмірінің қарапайым сәттері оқырманды терең ойға жетелейді.

Бұл комикс нұсқасы арқылы оқырман шығарма мазмұнын көркем бейнелер арқылы қабылдап, қазақы тәрбие мен рухани мұраны тереңірек сезіне алады деп сенеміз.

Ізгі тілекпен,
Комикс құрастырушысы
Досымхан Нұрсәуле



Менің бабам Иماش мың да тоғыз жүз он бірінші жылы тоқсан екі жасында дүние салған. Орта бойлы, орақ мұрын, от жанарлы сол шымыр шалдың төртінші перзенті — менің әкем Момыналы екен. Оны жұрт Момыш деп кеткен.

An elderly woman with white hair, wearing a white headscarf and a richly patterned orange and blue robe, is shown in profile, smiling as she spins wool. She holds a wooden spindle with a ball of white wool. In the background, a lit lantern sits on a wooden surface against a wall with intricate geometric patterns. A thought bubble is positioned above her head.

Ұл біткеннің бәрі қазанның
түп күйесіндей Әкесіне
тартып қара болды, қыз
жағы өзіме тартып
аққұбаша ажарлы шықты

Әжемнің аты Қызтумас еді. Қартайғанда сары кемпір атанған. Жарықтық, аса ажарлы, ақ дидарлы кісі екен. Ондай ару ол кезде ел арасында некен-саяқ «Әжем өзінің ұлдарына өңшең аққұбаша аруларды айтыруға ынтық болған.



Соның кесірінен менің әкем Момыш отыз үш жасына дейін салт басты, сабау қамшылы жүріпті.






Әкем содан айтыс қуып, әндетіп жүре-жүре отыз үш жасында Байтана руынан Әбдірахманның Рәзия атты қызына үйленіпті. Ол менің шешем еді. Ол кісі мен үш жасқа толар-толмаста қайтыс болған. Анамның қандай кісі болғанын тек әжем мен әкемнің әңгімелерінен ғана білемін.






Жеңешем ұл тапты



Момыш әкемнің айтуынша, мен мың да тоғыз жүз оныншы жылдың қысында, ескіше декабрьдің жиырма төртінде туыппын. Әкем ол күні Әулиеата шаһарында екен. Мен туған соң, Иماش бабам жан-жаққа кісі шаптырып, әкеме де хабаршы жіберітті.





Алатаудың қыраны мол еді — Қырағы
болсын, құлыным — Қойнауы суға мол
еді — Бұлағы болсын, құлыным.



Атасының қолын
ұзартып, қолғабыс
беруге келді



Құрық деп берсем — құл
болма, Шыбық деп берсем
— шіл болма.

Жарық дүниеге келгеніме екі-үш ай болғанда, шешем мені күн көзіне шығарып, Имаш атамның алдына әкеліпті.



Бәрінен де, шырағым,
Баяны жоқ ұл болма,





Мен туғанда, әкем елуді еңсеріп қалған кісі екен. Әжем жарықтық әкемді балаларымның ішіндегі еті тірісі осы болды деп отырар еді. Әкем өз бетінше талпынып жүріп ескіше сауатын ашып алыпты. 'л есеп-қисапты тәуір білетін. Тіпті орыс алфавитін де ежіктеп шығара беруші еді. Жас күнінде ағаш ұста болыпты, етікші де атаныпты, тәуіпшілдігі де бар екен. Әсіресе, зергерлікті жақсы көрген. Біздің елде одан өткен зергер ұста болмаған.



Момыш әкем ат жалын тартып мініп, бозбала халге жеткенде, Иماش бабам шаруа билігін соның қолына беріпті. Ауылдағы келін-кепшікті бір шыбықпен айдайтын адуынды Қызтумас әжемнің өзі де:

Момыштан
сұраңдар, Момыш
біледі





Қайран, балалық-ай десеңші! Алыста қалған арайлы адал таңдарым менің. Онда мен кіп-кішкентай сәби едім. Ал айнала таулар да, үйлер де, қойтастар да, жылқылар да — бәрі-бәрі үлкен болатын. Адамдардың бәрі «айналайыннан» басқа сөзі жоқ, кілең мейірімді жандар болып көрінетін..



Балам менің қайда екен?
Қыздарменен тауда екен.



Менің кәрі апам Қызтумас маған ертекті көп айтатын, әлди әнді көп айтатын. Арада неше заман өтті! Қызтумас апамның сүйегі әлдеқашан құрап кетті, ал әлди ән айтқан үні әлі тұр құлағымда. Бестекке отырып алып, басымды бауырына қысып, кәрі алақанымен арқамнан томп- томп қағып қойып:



Тауда неғып жүр екен?
Алма теріп жүр екен.



Жылама бөпем, жылама, Жілік шағып
берейін, Жілігінің майы жоқ
Жіпке тағып берейін.






Қорықпа, қорықпа! Берік отыр!

Бұл менің ат жалына алғашқы қол артуым еді.



Сен немене, аталарыңа
сәлем берүдә ұмытпа
дегенім қайда?!



Ассялам
әлейкүм, аталар

Алейкүм салам!





Кімнің баласысың?

Мен Момыштың
ұлымын.

Момыш кімнің баласы?


Момыш —
Имаштың
баласы.



Осылайша жеті атаға дейін жетелеп отырып санатады. Ал келген қонақ ең алдымен атымды сұрайтын. Сонан соң менің жеті ата жөніндегі білімімді тексеретін. Ел танудың басы ең алдымен осылай басталатынын ол кезде кім білген.



Әжем малдың «тілін» ұғуды үйретуші еді. — «Қозы маңырайды, бұзау мөңірейді, құлын кіснейді, бота көзі мөлдіреп ақсайды, қодық ақырады...»
Әжем маған зұлым қасқыр, жымысқы түлкі, дәрменсіз қоян, сүйкімді құс, сұрапыл сұңқар жайлы ертегілер айтатын...





Бір күні түн жарымында оянып кеттім. Орнымнан сездірмей тұрдым да, әжемнің төсегінен алыстай бердім. Ондағы ойым қораның екінші бетіндегі .жем жатқан үйге бару еді. Екі үйдің ортасында иін тіресіп, мойындарын көкке созған күйі маңғаз түйелер жатыр екен.

Мен әкеме келе жатқанымды ұмытып, осы жерде таңырқап тұра беріппін...

Ертеңіне үйдегілер мені екі ботаның ортасында ұйықтап жатқан жерімнен тауып алды. Әкем мейірлене күліп алды, ал әжем қатты ашуланды. Содан бастап әжем үйдің есігін бекітіп алатын болды...





Кейде менің өнеге алған, тәлім үйренген, дәріс оқыған ұстаздарымды еске түсіріп ойға бататыным бар. Сондай шырын шақтарда ең алдымен ата- аналарымның бейнесі елестейді. Солардың уағызы басымырақ бола береді...



Рәзияның тұңғышы Үбіш, онан кейінгілер Үбиан,
Сәлима, Әлима кілең қыз бала болады.



Қайран сол балалық, қайта келермісің, сен!
Кей кезде сол бір алаңсыз балалығыңды
аңсап, еріксіз сағынасың. Әлдеқайдан
асыр салып, жол шаңын бұрқыратып,
тұлымын жалбыратып, екі бетін
албыратып, дүниені даңғыратып сол
балалығым шыға келетіндей, айналаңа
жалтақтай беретін кездерің жиі болады.



Алайда бал балалық қайдан келсін. Ойыңа сол шақтардың өрнектері ғана, үзік-үзік бөлшектері ғана, сапырылысқан ретсіз саздары ғана оралады. Сен соны тұшынасың да тамсанасың. Тамсанасың да еріксіз жымиясың. Осы сәтте бір шеттен балалық дөуірдің бір елесі де жымып тұрғандай сезіледі.

